

Хореография өнерінде қазақ тіліндегі терминологияның дамуы

Ізім Тойған Оспаеқызы

Қазақ ұлттық хореография академиясы

ҚазКСР-нің еңбек сіңірген артисі,

өнертану кандидаты, профессор

1581 итальяндық музыкант Бальтазарини ди Бельджойзо алғаш «Цирцея и ее нимфы» немесе «Королеваның комедиялық балеті» деп аталатын қойылымын іске асырды [1, 342 б.].

Бұл қойылым Париж қаласында король сарайында көрсетілген. Би өнері тарихында осы қойылым алғашқы балет болып саналады. Дегенмен, хореография өнері Франция елінде қарқынды дамыды. Би өнерінің реформаторы Жан Жорж Новер өзінің «Письма о танцах и балетах» атты еңбегінде бүгінгі күнге дейін өзекті болып отырған хореография маманының жолында кездесетін мәселелерді талқылаған. Сондықтан болар әлемдік хореография өнерінің негізі классикалық би болып енгендіктен терминдері француз тілінен алынған.

Қазақстан ғылымына кенже енген өнер түрінің бірі – хореография. Сондықтан бүгінгі күнге дейін би өнерінің қазақша терминологиясы қалыптаса қойған жоқ.

Алғаш 2005 жылы қазақ тілінде М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтунда Т.О. Ізім кандидаттық диссертация қорғалған болатын. Содан бері бір кандидаттық, екі доктор PhD диссертациясы ғана қазақ тілінде қорғалды. Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы мен Қазақ ұлттық хореография академиясында жылда қазақ тілінде бірлі-жарым магистрлік диссертация қорғалып отыр. Дегенмен, хореография өнерін қазақ тілінде сөйлету үшін көп уақыт керек екеніне көз жеткізіп отырмыз.

Бүгінгі күні тек қазақ биінен ғана терминдер туралы мәселелер қарастырылу үстінде. Қазақ биінің қимылдар атауларын жүйелеу үшін Қазақ ұлттық хореография академиясы жанынан «Қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы» құрылып, меңгерушісі өнертану кандидаты, профессор Т.О.Ізім осы бағытты жұмыстар атқаруға кіріскен болатын. Осы зертханада 2018 жылдан бастап 2021 жылға дейін қазақ биі бойынша терминдер құрастырылды. Оған осы академияның қазақ биі пәнінен сабақ беріп жүрген барлық оқытушылары қатысты. ҚазКСР-нің еңбек сіңірген артисі, өнертану кандидаты, профессор зертхана меңгерушісі Т.О.Ізімнің басшылығымен педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.К.Кульбекова, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, доцент, «Астана Балет» театрының балетмейстері А.Ә. Тәти, аға оқытушылар А.А.Садыкова және А.Ш.Шамшиевтар үлкен жұмыс атқарды. Қазақ биі бойынша анықтамалықты дайындау 2021 жылы аяқталып, оған енген

әр қимыл атауын талқылау мақсатында Республикалық семинар өткізілді. Бұл семинарға Республиканың барлық оқу орындарында қазақ биі пәнінен сабақ беріп жүрген оқытушылар, кәсіби және көркемөнер ұжымдарын басқарып жүрген хореографтар қатысып, бір жеті бойы талқылаудан өткен әр қимыл осы анықтамалыққа еніп, «Қазақ биі. Анықтамалық» [2] баспадан шыққан соң Қазақстанның барлық аймақтарындағы оқу орындарына жіберілді.

2025 жылы п.ғ.д., профессор А.К.Кульбекова мен өнертану кандидаты, профессор Т.О.Ізімнің дайындаған «Қазақ биі. Түсіндірме сөздік» атты жұмысы баспаға жіберілді.

Республика деңгейінде өтіп тұратын кездесулар мен конференциялар, семинарлар мен шебер сабақтар әлі де өз нәтижесін белгілі бір дәрежеде бере алмай отырғанын көрсетіп жүр. Оған негізгі себеп хореография мамандығы бойынша оқытылатын арнайы пәндерден қазақ тілінде сабақ беретін оқытушылардың жетіспеушілігі болып отыр. Жалпы қазақ тілінде сабақ жүргізуге арналған оқу құралын қолға алу керек екені белгілі әрі ең өзекті мәселе.

Арнайы оқу орындарында хореография пәндерін оқытуда негізгі француз тілінен енген терминдер қолданылады. Себебі, балет Еуропада пайда болып, дамыған болса оның негізі классикалық би. Осы классикалық би негізінде характерлік кейін халықтық-сахналық би деп аталынған жанр пайда болды.

Бүгінгі күні қазақ биі осы халықтық-сахналық би терминдерін қолданып жүр. Оның да өзіндік себебі бар – кәсіби білім беруде арнайы пәндер сабақтары жүйеленген үлгіде жүруі керектігі алғы шарт болды.

Бүгінгі күні хореография, соның ішінде станок жанындағы экзерсис терминдері қалай өзгеріске ұшырап отырғаны төменгі кестеде көрсетіліп отыр.

№	Классикалық би (француз тілінде)	Халықтық- сахналық би (орыс тілінде)	Қазақ биі (қазақ тілінде)
1	Demi and grand plie	Полуприседания и полное приседания	Жартылай және толық отырыс
2	Battement tendu	Скольжение стопой по полу	Аяқ табаны арқылы еден бойымен сырғуы
3	Battement tendu jete	маленькие броски	Аяқты кіші тастаулар (сермеу)
4	Rond de jambe par terre	Круговые скольжения ногой	Аяқтың еденде шеңбер бойымен сырғуы
5	Port de bras	Наклоны и перегибания корпуса	Дененің иілуі, бүктелуі
6	Battement fondu	Полуприседания опорной ноги с поворотами колена из закрытого положения в открытое на 45° и 90°	Тірек аяқта жартылай отырумен қатар жұмысшы аяқ тізесінің жабық қалыптан ашық қалыпқа 45° және 90° бұрылыстары
7	Grand battement jete	Большие броски	Аяқты үлкен сермеулер (шалғы)
8	Arabesques, Attitudes и т.д.	Позы	Кейіп
9	Adagio	-	Алтыбақан

Қазақ тіліндегі осы кесте Т.Ізім мен А.Кульбекованың 2012 жылы (кейін бірнеше рет қайта 2016, 2023 жылдары басылды) әйгілі биші Шара Жиенқұлованың 100 жылдығын атап өту аясында баспадан жарық көрген «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» оқулығында берілген болатын [3, 216.].

Содан бері біраз жылдар өтсе де осы қазақ биін таза қазақ тілінде жүргізетін оқытушылар өте аз. Қазақ ұлттық хореография академиясының «Қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы» жылда осы мәселелер төңірегінде Республикалық семинар өткізіп келеді. Дегенмен, әр оқытушы ең болмаса қазақ би сабағын таза қазақ тілінде жүргізсе кейінгі мамандарға дағды болар еді деп есептейміз.

Ал Еуропалық балет өнерінен келген француз тіліндегі классикалық би термині орыс тіліне тек мазмұны бойынша аударылып берілген. Ал, қимыл атаулар сол күйінде қалды. Характерлік би термині орыс хореография өнеріне алғашқы оқулықтар арқылы еніп отырды. А.Ширяев, А.Бочаров және А.Лопуховтардың алғашқы «Характерлік би негіздері» атты оқулығы бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан емес. Бұл әдіскер оқытушылар

классикалық биді оқытуда жүйеленген станок жанындағы және зал ортасындағы сабақты негізге алды. Бүгінгі күні Қазақстан оқытушылары да әлемде қалыптасқан осы жүйені қолдана отырып, сабақ жүргізуде.

Қ. Жақыпованың «Би өнерінің әліппесі» [4] атты еңбегі классикалық биден алғаш қолданысқа енген оқулық. Оқулықта хореография өнерін меңгеруге арналған алғашқы дайындық және төменгі сыныптарда оқытылатын қимылдар берілген.

Халықтық-сахналық би сабағынан қазақша енді ғана бір топ қазақстандық оқытушылардың бірлесіп дайындаған оқулығы жарық көріп отыр. Қазақ биінен алғанш жарық көрген оқулық та (авторлары Т.Ізім, А.Кульбекова) осы халықтық-сахналық би негізіне сүйенген.

«Халықтық-сахналық би» [5] сабағына арнап, хореография академиясының оқушылары: Назира Сарсанбаевна Абдшуллина, Алила турсумбаевна Алишева, Гульмира Набиуллаевна Сайфуллина, Гульмира Сергеевна Донның еңбегі алғашқы қазақ тілінде шыққан оқулық. Оқулық хореография мамандығын дайындайтын арнайы оқу орнына арналған бағдарлама негізінде дайындалған. Республика оқу орындары асыға күткен осы еңбек тілге байланысты біраз мәселені шешер деген үміттеміз. Тәжірибе көрсеткендей 2012 жылы қазақ биіне арналған оқулық бүгінгі күнге дейін сұранысқа ие. Олай болса басқа да пәндерден қазақ тілінде дайындалған еңбектер керек.

Белгілі педагог Светлана Наурызбаева 2004 жылы «Классикалық балет. Түсіндірме сөздік» атты еңбегін ұсынған болатын. Педагог: «Классикалық биді ұлттық мектептерде, ұлттық тіл ортасында оқыту үшін алдымен хореографияның ерекше тіліннің әліппесі жасалып, осы тілдің ұғымдары оқушыға түсінікті жалпы халықтық тілдің лаждарымен жеткізе алатын оқу құралдары жазылып, сабақ жүруі қрек», -деп көрсеткен [6, 386.]. Бүгінгі күні бұл бағытта Шымкенттік педогогтарымыз жемісті еңбек етіп келеді. Б. Тлеубаеваның «Классикалық бидің негізгі элементтерін үйрету әдістемесі» [7]. атты еңбегінде әр қимылды орындау тәсілдері түсінікті тілде жазылған бірден-бір оқулық деуге болады. Бір өкінішітісі, кәсіби білім беріп отырған оқу орындарындағы классикалық би сабағын жүргізетін оқытушылар қызығушылық танытпай отыр. Дегенмен, классикалық бидің қазақ мәдениетінде тереңірек тамыр жаюы үшін қазақ тілінде жаңа терминдерді қалыптастырудың өзектілігі айқын.

Ал, Т. Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясының хореография педагогикасы кафедрасының доценті Әлібек Теміржанович Исалиевтің 2015 жылы шыққан «Европалық билерді оқытудың теориясы мен әдістемесі» [8] атты еңбегі бүге-шүгесіне дейін шағып жазылған оқулық. Жалпы хореографияға қазақ тілін енгізу бағытында жазылып, аударылып жатқан

еңбектер бар. Тек сол жазылған еңбектерді қолданатын оқытушылар жоқ десем, мені әріптестерім кешірер.

Ал, осы атқарылып жатқан жұмыстар тек тілді байыту емес, сонымен бірге қазақ мәдениеті мен хореографиясын біріктіретін, кәсіби білім беруді ұлттық құндылықтармен сабақтастыратын маңызды қадам болмақ.

Әлемге қазақ балетін танытып, оның бүгінгі күнгі деңгейін көрсетіп жүрген талай майталман бишілеріміз бар. Бірақ, Қазақстанда хореография мамандарын дайындауда қалай қазақ тілінде оқыта аламыз деген, келелі мәселе болып тұр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Худеков С. Всеобщая история танца. М.: Эксмо, 2009.—608с.:ил.
2. Авторлық ұжым. Қазақ биі. Анықтамалық. /Әдістемелік нұсқаулық./ Нұр-Сұлтан қ: Қазақ ұлттық хореография академиясы. 2021.—60 б.
3. Базарова Н., Мей В. Азбука классического танца. Первые три года обучения: Учебное пособие, 6-е изд. СПб. Изд.«Лань».2016. —240с.
4. Алишева А., Абдуллина Н., Дон Г., Сайфуллина Г. Народно-сценический танец. Теория. Практика /Учебное пособие/ Алматы, Издательский дом «Мир».—214с.
5. Ізім Т., Кульбекова А. Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі. Алматы, ЭСПИ. 2003.—192б., илл.
6. Наурызбаева С.А. Классический балет. Толковы словарь. Классикалық балет. Түсіндірме сөздік. Алматы, Сектор компьютерной графики. 2004.—71 б.
7. Тлеубаева Б. Классикалық бидің негізгі элементтерін үйрету әдістемесі.Оқу құралы. Шымкент.: М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті.2008.-95б.
8. Исалиевт Ә. Европалық билерді оқытудың теориясы мен әдістемесі. Оқулық. Алматы: «Goodprint», 2015.-343б.,илл.